

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті:

Алдымызда тұрған ең басты мәселе – халқымыздың татулығы



Сейсенбіде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді. Мемлекет басшысын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қорқыт ата» әуежайынан күтіп алды.

«Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың облысқа сапары Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылының тыныс-тіршілігімен танысудан басталды. Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің негізін қалаушы Абзал Ералиев Президентке кәсіпорынның табысты қызмет етіп, өңір бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші мекемеге айналғанын жеткізді. Сонымен қатар өнімді еңбектің арқасында туған өлкенің дамуына тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқанын айтты.

Президент «Абзал және К» шаруашылығының демеушілігімен салынған ауылдың орталық алаңын, спорт кешенін аралап көрді. Спорт кешенінде жергілікті халық футбол, волейбол, үстел теннисі және күрес түрлерімен емін-еркін шұғылдана алады.

Мемлекет басшысы спорт кешенінде жеткіншектермен әңгімелесті.

– Спортпен шұғылдану керек. Әсіресе өздеріңіз сияқты жастарымыздың дені сау болса, мемлекет те қуатты болады. Сыр елінен мықты спортшылар шыққан. Әлі де көптеген чемпиондар шығады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент былтыр ғана бой көтерген «Еңбек аллесында» еңбек адамдарымен жүздесіп, Қызылорда облысының дамуына баса мән беретінін атап өтті. Сондай-ақ күрделі геосаяси ахуал кезеңінде Қазақстанның өркендеуі жолында елімізді бірлік танытып, еңбек етуге шақырды.

– Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер осы ақ күршілтің атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғап жүрсіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Диқандар ауыл шаруашылығының дамуына айрықша мән беріп, мемлекет тарапынан қолдау шараларын көбейткені үшін Президентке алғыс айтты. Әсіресе Су ресурстары министрлігін құру жөніндегі жаңалықты Сыр бойының диқандары қуана қабылдағанын жеткізді. Сонымен қатар олар ауылда жастарға жайлы жағдай жасалғанына, жас мамандардың ел ішінде қызу еңбек етіп жатқанына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарымыздың еңбеккер, ұқыпты, отансүйгіш болуы керек екенін және оларға ерқашан қолдау көрсетілетінін атап өтті.

– Ауылда жастардың жұмыс істеуіне, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған. Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да

жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елді мекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Нағи Ілиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Маңызды жобалар таныстырылды

Мемлекет басшысы Қызылорда облысындағы маңызды нысандардың жобасымен танысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы жөнінде баяндалды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа терминал жеке демеушінің қаражатына салынып, кейін мемлекет меншігіне өткізілетінін айтты. Жоба құны – 20 миллиард теңге. Оның ішінде 15,7 миллиард теңге – демеушінің әуежай құрылысы үшін белген қаржысы. Сондай-ақ жергілікті бюджеттен әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу үшін 4,3 миллиард теңге қаржы бөлінген.

Халықаралық стандартқа сай болатын әуежайда жолаушыларға қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалады. Жаңа терминал келесі жылы пайдалануға беріледі. Нысан қолданысқа берілгеннен кейін жолаушылар тасымалы бір сағатта

250 жолаушыға қызмет көрсете алады. Сондай-ақ түрлі бағыттарға ұшатын әуе рейстерінің саны артады.

Бұдан бөлек облыс әкімі Қызылорда қаласында заманауи үлгіде салынып жатқан автобекеттің биыл жыл соңында іске қосылатынын және қаланың теміржол вокзалына да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Мемлекет басшысына «Қызылорда-Жезқазған» автожолын салу барысы туралы мәлімет берілді. Бүгінде Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы жасалды.

Сонымен қатар Президентке «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралығын (566 шақырым) I санаттағы 4 жолақты жолға ауыстыру жоспарланып отырғаны туралы мәлімет берілді. Осы ретте аталған бағыттағы жұмыстардың жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеу келесі жылдан басталады.

Мемлекет басшысы қазіргі жол шын мәнінде, өте тар екенін атап өтіп, оны кеңейту жұмыстарын тезірек бастау қажеттігіне назар аударды. Бұл ретте Президент Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға мәселені бақылауға алу жөнінде тапсырма берді.

Сонымен қатар Президентке Қызылорда қаласының жылу-электр орталығын жобасы таныстырылды.

Былыр Энергетика министрлігі тұркиялық «AkSa Enerji Uretim AS» компаниясымен Қызылорда қаласында жаңа бу-газ қондырғысын орнату жөнінде келісім-шартқа қол қойды. Шетелдік инвестиция есебінен салынып жатқан ЖЭО 240 МВт электр қуатын және сағатына 277 жылу қуатын өндіре алады. Жобаның болжамды құны – 215 миллиард теңге.

Облыс әкімінің айтуынша, қазір құрылысқа дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға берілетін ЖЭО қаланың жылу және электр қажеттілігін толық қамтамасыз етіп қана қоймай, артылған электр энергиясын басқа өңірлерге сатуға мүмкіндік береді.

Қазіргі қолданыстағы жылу-электр орталығы 1964 жылы салынған. Бірнеше рет күрделі жөндеу жүргізілгеніне қарамастан, стратегиялық нысанның негізгі және қосалқы қондырғыларының тозу деңгейі 90 пайызға жеткен. Сондай-ақ қаладағы ұзындығы 207,7 шақырым болатын жылу желісінің жартысына жуығы жаңартуды қажет етеді.

Мемлекет басшысы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін күшейту тұрғысынан бұл жобаның маңызды екенін атап өтіп, Үкімет пен облыс әкімдігіне жылу-электр орталығын белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

Бұған қоса Президентке Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай космодром қалашығындағы ахуал туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту үшін Ресей тарапымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу қажет екенін назар аударды.

Актив

Сәрсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында ауданның жаңа басшысы таныстырылды. Облыс әкімінің өкімімен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Жалағаш аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Жалағаш ауданының әкімі лауазымына Ибраимов Ардақ Әбдіғәппарұлы тағайындалды.



Ардақ Ибраимов – Жалағаш ауданының әкімі

Аймақ басшысы ауданның бұрынғы әкімі Асқарбек Есжановқа алғыс білдіріп, жаңа әкімнің қызметіне сәттілік тіледі.

– Ардақ Әбдіғәппарұлы Мемлекет басшысының тапсырмалары мен алға қойған міндеттерді жоғары деңгейде жүзеге асырып, нәтижелі жұмыстар мен игі бастамаларды одан әрі дамытуда аянбай жұмыс жасайды деп сенемін. Биылғы жылдың қорытындысымен дамудың барлық макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша оң параметрлерге қол жеткізуді тапсырамын. Инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлікті дамыту бойынша нақты жұмыстар жүргізу қажет. Кезінде бұл аудан «Күрш фабрикасы» атанған. Қазір де сол деңгейді жоғалтпай, ауыл шаруашылығы саласын дамыту жағынан алдыңғы қатардан көрініп келеді. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жетік меңгерген маман ретінде ауданның осы ерекше потенциалын пайдалану керек, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Жиында ел ағалары Ардақ Ибраимов пен Асқарбек Есжановты жаңа қызметімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

«ЖЖ» ақпарат

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Жалағаш аудандық мәслихатының келісімдері бойынша облыс әкімінің өкімімен Жалағаш ауданының әкімі лауазымына Ибраимов Ардақ Әбдіғәппарұлы тағайындалды.



Тағайындау

Ардақ Әбдіғәппарұлы 1986 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай мен газ кен орындарын игеру», «Болашақ» университетін «Құқықтану», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», Қызылорда гуманитарлық университетін «Қаржы» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы «Казгермұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде инженердің көмекшісі болып бастаған. Әр жылдары мұнай және құрылыс компанияларында қарапайым жұмысшыдан басшылық лауазымдарға дейін қызметтерде болған.

2019-2020 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі лауазымдарында қызмет атқарған.

2020-2022 жылдары Қызылорда қаласына қарасты Белкөл көнтінің әкімі ретінде тұрғындардың өзекті мәселелерін шешу жолында аянбай еңбек етті.

2022-2023 жылдары Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасының директоры қызметінде нәтижелі жұмыс көрсетті.

2023 жылдың ақпан айынан осы кезге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.



Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті:

Алдымызда тұрған ең басты мәселе – халқымыздың татулығы

Құрылыс индустриясындағы қарқын

Президент өңірдің құрылыс индустриясын дамытуда маңызды рөл атқаратын Темірбетон бұйымдары зауытының жұмысымен танысты.

«Құрылыс-көлік компаниясы» ЖШС биыл іске қосқан жобаның жалпы құны – 2,6 миллиард теңге. Оның 370 миллион теңгесі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы қаржыландырылған. Комбинат күніне 200 текше метр темірбетон бұйымдарын өндіреді. Өндіріске қажетті шикізаттар жергілікті жерден алынады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына аймақтағы кәсіпорындардан шығатын басқа да өнім түрлері таныстырылды. Олардың басым бөлігі – құрылыс саласы үшін аса қажетті материалдар. Атап айтқанда, табақша шыны («OrdaGlass» ЖШС), ПВХ-құбырлары мен фитингтер («КНХ Кемикал» ЖШС), каскалар («NFCop-salting» ЖШС), плитка желімдері мен сәндік сылақтар («BeгаProm» ЖШС), жол және тротуар бордюрлерін, күм-керамзит блоктарын («Садуакасов Ж.А.» ЖК), қиыршық тастың әртүрлі фракцияларын («Shalkiya Dolomite Operating» ЖШС), терезелер мен айналар («Комфорт KZ» ЖШС), әк («Орда строй маркет» ЖШС), кірпіш

меттік-экономикалық даму көрсеткіштерінде өсім байқалады. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі 115,8 пайызға (227 млрд теңге), ауыл шаруашылығы 101,6 пайызға (157 млрд теңге), құрылыс 126,4 пайызға (117 млрд теңге), тұрғын үйлер салу 118,9 пайызға (618 мың ш.м), сауда-саттық 104,1 пайызға (531 млрд теңге) артқан. Негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемін биыл 472 миллиард теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Оның басым бөлігі жеке инвестицияларға тиесілі.

Облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы үш жыл ішінде 21 мектеп салу жоспарланған. Қазіргі кезде Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың, емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың, Қан орталығының құрылысы жүргізіліп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 медициналық-амбулаториялық нысан салынууда.

Бұған қоса өңірде бірқатар спорт және әлеуметтік-мәдени нысан бой көтереді. Атап айтқанда, жуырда 7 мың орындық Орталық стадионның, жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру көшенің құрылысы басталады. Аудандарда



ру маңызды екеніне назар аударды.

Дегенмен Президент экспорттық әлеуеті жоғары дәстүрлі күріш шаруашылығын одан әрі жетілдіруге де баса мән беру қажеттігін атап өтті.

Бұл ретте Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты украиналық мамандармен бірлесіп, күріштің басқа да сорттарын жерсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев осы өндірістің кешен аумағында былтыр іске қосылған «Ассооль» тұз өндіру зауытын да аралап көрді. Аралдың тұзын кәдеге жаратып, ас тұзын шығаратын кәсіпорында 130 адам жұмыспен қамтылған. Өнім көршілес Ресеймен қатар, Латвия, Литва, Эстония, Беларусь мемлекеттеріне экспортталады.

«Анаға тағзым» тәрбие мектебіне айналады

Президент Қызылорда қаласында жақында бой көтерген «Анаға тағзым» орталығын аралап көрді.

Аталған орталық биыл демеушілердің қолдауымен салынған. Жалпы құны – 1 миллиард 700 миллион теңге.

Жобаның мақсаты – ұлттық құндылықтарды ұрпаққа мирас етіп қалдыру, дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, әйелдер еңбегін дәріптеу. Сонымен қатар қыз-келіншектер мен аналарды өмірге, тұрмысқа бейімдеу жұмысымен де айналысады.

Президент орталықта қолөнер шеберлері жасаған бұйымдар көрмесін және «Қазақ елінің ұлы аналары» картинасын тамашалады.

Содан кейін «Анаға тағзым» орталығындағы «Ұлт жақұты» музей залымен, «Мирас» әжелер клубымен, «Жас отау» мектебімен, «Шамшырақ» фото-видео студиясымен, психолог-медиатор кабинетімен танысты.

Мемлекет басшысы мұндай орталық жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаратынын айтты.

– Расында бұл жұмыс өте маңызды. Жастарымыздың арасында ұлттық салт-дәстүрімізді, болмысымызды, тілімізді, ділімізді насихаттауымыз керек. Әйтпесе, дүние жүзінде болып жатқан теріс үрдістерді бәріміз көріп отырымыз. Ондай жағымсыз үрдістер елімізде де бар. Біз олармен күресіп, өзіміздің ұлттық көзқарасымызды дәріптеуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

akorda.kz



өнімдерін («Мелиоратор» ЖШС) және тағы да басқа бұйымдарды шығарады. Сондай-ақ көрмеге «Dalatex» компаниясының текстиль бұйымдары, «Өркен Әлем» ЖШС шығаратын жеке қорғаныс құралдары қойылған.

Президент кәсіпкерлермен өңірдегі барысында шағын және орта бизнесті өркендету үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.

Өңірдегі өсімнің негізгі көрсеткіштері

Өндіріс орнында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысына Қызылорда өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жөнінде баяндады.

Аймақ басшысының айтуынша, Қызылорда облысының жалпы әлеу-

шағын 11 дене шынықтыру кешенін салу үшін жергілікті бюджеттен 2,6 миллиард теңге бөлінген. Облыс орталығында салынып жатқан Өнер орталығы жыл аяғына дейін ел игілігіне пайдалануға беріледі.

Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің тыныс-тіршілігін түлетуге жергілікті кәсіпкерлер де елеулі үлес қосып жатқанын айтты. Әлеуметтік нысандар салу, демалыс саябақтарын, ойын-спорт алаңдарын, үйлердің қасбеттерін жаңарту, ауаларды абаттандыру жұмыстары демеушілердің көмегімен жүзеге асырылып келеді.

Диқандар еңбегіне табыс тіледі

Мемлекет басшысы Сыр өңіріне жұмыс сапары аясында осы өлкенің

брендіне айналған күріш өндірісімен танысу үшін «Алтын орда» зауытына барды.

Кәсіпорын директоры Сағидулла Сыздықовтың айтуынша, зауыт жылына 30 мың тонна ақталған күріш өндіреді. Өнімнің басым бөлігі ішкі нарыққа, сонымен қатар көршілес елдерге өткізіледі.

Президентке Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдері таныстырылды. Көрмеге күріш өсірумен айналысатын ірі кәсіпорындардың тауар түрлері, сондай-ақ ет, сүт, кондитер және балық өнімдері, көкөністер мен жемістер қойылған.

Мемлекет басшысы Сыр бойы диқандары мен шаруаларының еңбегіне табыс тіледі. Сондай-ақ тек күріш өсірумен шектелмей, агроөнеркәсіп саласын әртараптандыру, әсіресе суды аз қажет ететін дақылдарды өсі-



1

Жолдауды қолдау

Бюджет саясаты реформаны қажет етеді



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында қазіргі күрделі жағдайда ел алдында тұрған басты міндет әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу екенін айтты. Яғни Президент Жолдау арқылы еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Өйткені барлық саланың дамуы, ел әлеуеті үшін маңызды. Қарапайым еңбек адамының, зейнеткерлердің, мемлекеттік қызметкерлер мен білім-ғылым саласындағы еңбек етіп жүрген ғалымдардың, мемлекеттік басшылықта отырған депутаттар мен министрлердің, құқық қорғау органдары мен денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің әрқайсысының міндетін, қызметіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды санамалап айтып өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасы халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмыс істеу қажеттігін қаперге салды. Оның айтуынша, игілік пен міндетті тең бөлу, жеке кәсіпкерлерге арналған нарықты қалыптастырып, әділ бәсекелестікке жағдай жасау, негізгі бағыттар қатарында болмақ.

Сондай-ақ аймақтарды бюджеттен қаржыландыру моделінің әзірленуі, жергілікті бюджеттерді бекіту барысында бақылауды күшейту керектігі де айтылды. Жалпы бюджет саясатына реформа жасалады. Бюджет кодексында шекті нормативтер бекітіледі. Оны бюджетті жоспарлау және орындау кезінде міндетті түрде ұстану қажет. Бюджет үдерістерін барынша жеңілдету де қаралады. Мемлекеттік органдардың игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыруына мүмкіндік берілмек. Сол арқылы олар ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылады. Сонымен бірге бюджетке қатысты тәуекелдерді басқару жүйесін іске қосу үдерісі зерделенеді. Бұл жүйе квазимемлекеттік секторды да қамтиды.

Мұнан бөлек Мемлекет басшысы

салық саясатына да жеке тоқталып өтті. Әрине экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты. Сондықтан фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін биыл жаңа Салық кодексі әзірленетін болды. Оның ең түйіктілігі тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылады. Сондай-ақ жұмыс барысында бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтындай етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру керек екенін баса айтты.

Тағы бір басымдық салықтық ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру бойынша да жұмыстар жүргізіледі. Ол үшін экономиканың түрлі саласында дифференциалды салық мөлшерлемесіне көшу қарастырылған. Пайданың технологиялық жаңғыруға және ғылыми әзірлемелерге жұмсалған бөлігіне салынатын кооперативті табыс салығын төмендету немесе одан босату тәсілін енгізу керектігі де айтылды.

– Енді аса маңызды мәселе – бюджет саясатына тоқталайық.

Өткен жылы мен «бюджетті басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» көшу арқылы бюджеттік жүйені реформалауды тапсырдым. Бұл міндет бюджеттік процеске қатысушылардың ашықтығын, жауапкершілігі мен дербестігін арттыратын жаңа кодексті қабылдау шеңберінде шешілетін болады. Сонымен қатар бюджет саясатының тиімділігін одан әрі арттыру үшін үнемі жаңа құралдар мен мүмкіндіктерді іздеу қажет. Сондықтан Үкіметке бірнеше министрліктер мен өңірлер шеңберінде пилоттық режимде толық блоктық бюджет жобасын енгізуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Міне, Ел Президентінің Жолдауы еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Ендеше ел тұрғындары Мемлекет басшысы межелеп берген бағытты нық ұстап, экономикамызды жақсарту жолында жұмылған жұдырықтай жинақы жұмыс істеуіміз қажет.

Өмірбек ЖАҚСЫЛЫҚ,
аудандық қазынашылық басқармасының басшысы



3 ҚОҒАМ

Дүйім жұртқа үлгі болған Үбіс би

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген халықтың даналық сөзі бар. Өз дәуіріндегі билер мен шешендер ел арасындағы даулы мәселелерге араласып, әділдіктің ақ туы жығылмауын қадағалаған. Сол билердің халқына жасаған қызметі, елдің бірлігін сақтауға араласқан игілікті істері мен шешендік сөздері ел жадында сақталып, бүгінгі аңыз бен ақиқатқа арқау болды.

Жалағаш топырағында өсіп-өнген әулие, би Үбіс Жанайұлының болмысы да өткен шешендермен шамалас. Алайда Үбіс би туралы мұрағат құжаттары мен жазба деректердің аздығы тарихи тұлғаны танып-білуге кедергі келтіруде. Сондықтан отандық зерттеуші, этнографтар әулие туралы ақпаратты жыр-дастандардағы мәліметтермен өлшеуге мәжбүр.

Дегенмен бұл Үбіс әулие туралы нақты деректер жоқтың-қасы деген сөз емес. Халық арасында бидің өмір сүрген кезеңі 1788-1870 жылдар деп айтылады.

Әулиенің ел тану, өмірлік тәжірибе жинау кезеңі ерте басталған. Әкесі Жанай Үбіс биді 15 жасында Үргенішке сауда жасап бара жатқан керуенге қосып, алдына жүз қой салып аттандырады. Кетерде ақ жол тілеп: — Ал балам, талабың нағарлысың, өзінше бір сауда жасап көріп, жер танып, үйге керекті азық тауар аларсың, — деп сапарға аттандырады. Айдан астам уақыттан кейін базаршылар өркім өзіне керекті затын қоржындап елге қайтады. Сол сапардан оралған Үбіс би үйіне үш түйені шөгерген екен. Баланың аман-есен екенін көрген ағайындар қуана қарсы алып, жүкті түсіруге кіріседі. Бидің әкелген затын қараса, бір түйеге артқаны түгел ағаш қасық болып шығады. Баланың мұндай қадамына реніш білдірген туыстары «Мұның не, мұншама ағаш қасықтың не қыласың?» дейді. Сонда Үбіс: — Қасықтарды сатамын, саудаман айналысамын. Сауда — адал кәсіп. Ешкімге зорлық, қысым жасасамас, ұрлық істемесем, мұның несі айып, — деп жауап қайтарды. Сонда әкесі Жанай «Осы баламнан бір нәрсе шығады-ау» деп іштей риза болған екен.

Үбіс би саудаман қатар егін өгүмен айналысып, айналасындағы кедей ағайындарын егін егуге үйретіп, отырықшылыққа баулыпты. Бірде би Үргеніш пен Арқа бойынан дәнді дақыл әкеліпті. Ол заманда елдің қолтабан саумалға салып суарған. Енді жоспарлаған жерге егінді десе ойлаған жерден су шықпай қалыпты. Сонда Үбіс би төбе басына ауылдастарды жыпыл, мал сойып, өзі бас болып арық қаз бастайды. Елдің абыройлы адамының өзі бастаған соң қалған халық құрал-сайманын әзірлеп, ұзындығы 10 шақырымдай болатын «Үбіс арығы» қазылған екен.

Қазіргі таңда «Қотыр» деп аталатын жердің маңында «Үбіс» келі, қазіргі Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында «Үбіс жармасы», «Үбіс өуезі» деген жер атаулары бүгінге дейін сақталған. Сондай-ақ Жаңаталап кешарының ауылында «Үбіс арығы» сақталған. Арық ұрпақтан ел-ұрпаққа ырсы-несібе болып егін егуге жұрт күт санайды. Жалпы егін егуге деген құлшыныс пен үірдеуді Үбіс бидің ел аузындағы нақыл өлеңдерінен де аңғаруға болады. Мысалы, әулие бір сөзінде:

«Мал байлығы бір жұттық, Еңбегіңді жерге істе, Жер көтерер назыңды. Ауызың толпын нан жейсің, Қабыңда астығың болмаса, Қорадағы малыңа сенбей» депті. Үбіс егінің өбімен қатар, құрылысқа да көп көңіл бөлгенге ұқсайды. Кезінде би Жаңадария жағасында Қосшұңғыл ақшағанның көпірі деген жерде екі бөлмелі қоспақ ұйтам салдырыпты. Құрылысқа Үргеніштен арнайы адам алдырып, қыш күйдірткен екен. Тіпті зауыттың орны да сақталыпты. Ел ауызындағы дерекке сүйенсек, Үбіс би ұйтамын өз қызығы үшін емес, жолаушыға баспанаға жарасың, қыста ық, жазда көлеңке болсын деп сауап

үшін тұрғызған екен. Ішіне кітап қоятын төкшелер мен тесіктер қойылып, төрдегі бөлмеге намаз оқуға арналған михраб орналастырыпты.

Қазір аталған ұйтам жанындағы ма-зарда Үбіс би жерленген. Қазіргі таңда Үбістің ұйтамы Жалағаш ауданы Аққыр ауылынан оңтүстік батысқа қарай 54 шақы-рым жерде орналасқан. Ұйтамның бірін мешіт, екіншісін «тілеухана», қайыр там деп атаған. Үйдің кіреберіс батыс бөлігінде «Үбіс би түнеуханасы XIX ғ.» деген қара мәрмәр тастан жасалған тақтайша орна-тылған. Тұрғын үй жалпы биіктігі 4,5 м, өлшемі 9,5х6 м болатын күмбезді түр-дегі тікбұрышты пішінді екі бөлмелі ғима-раттан тұрады. Үй күйдірілген қыштан жасалып, құмды-саз балшықпен сыланған. Қабырғалардың биіктігі — 2 м. Екі бөлме де күмбезді болып келеді. Күмбездің жалпы биіктігі — 2,5 м. Өлшемі 3,7х4 м төрткүл пішінді бөлмелер, ені 0,6 м, ұзындығы 1 м және биіктігі 1,5 м болатын тар дөлізбен қосылған. Батыс жақтағы бөлменің қабырға-сында (михраб) ені 0,6 м және биіктігі 1,5 м болатын еденнен басталған арқа пішінді ойышқа қалдырған. Ескерткішке алғашқы ауқымды саралау жұмысын 1986 жылы «Казпроектреставрация» зерттеу институты жүргізсе, 2011 жылы «Археологиялық сараптама» ЖШС барлау жасағы зерттеген.

Бізге дейінгі авторлардың жазбаларына үңілсек, Үбіс бабамыздың тек елге жөн үйреткен ақылман емес, дін үкіміне берік әулие де болғаны айтылады. Беделді медреселерде арнайы білім алмағанымен, дін шарттарына бекем болып, ақтың жолынан таймады. Көнекөз қарттар бидің жақын-жуық ағайындар мен жан-жағындағы халыққа қамқор болып, қайыр-садақасын да үзбегенін жиі айтады. Онысынан бидің мына әрекеті хабар бергендей. Үбіс би өлкесіндегі кедейлерге әр үйге 10 сиырдан бөліп беріп: — Сүтін іш, бір басын өзіңе ал, тек маған бір қарын сары май жинап берсең жетеді, — дейді екен. Содан болар, би ауылынан қымыз, шұбат сусын ажыраматпы. Сондай-ақ Ораза айында айналасындағы 60-70 шаңыраққа күніне 3-4 пұт бидайды келіге түйгізіп, арнайы бағылған өгіз, бес қойды сойып, астырған көрінеді. Бидай көже піскен кезде бір қарын сары майды салып, әр үйдің жанына қарай ауызашарға бірдей етіп бөліп беріпті. Осылай отыз күн оразада Үбіс бидің шүлен тарататынының білетін ағайындар бидің жанына көшіп келетін болған. Бір қызығы, қаша және ас салыпт берсе де қазаны таусылмай, қымыз айтқан сабасы, айран піскен күбісі ортаймайтын көрінеді. Ел арасында «Үбіс Жанайұлын шүлен тартқан, қазаны берекелі, дастарқанына Қыдыр дарыған киелі әулие еді» деген сөз содан қалса керек. Себебі «Қыдыр дарып, береке қонған» әулие, шаңырағы көп тілегінің айнасы болған. Міне, нағыз жомарттық, тауқалық, адамгершілік көрінісі осы емес пе? Бұл — ел ауызындағы мәліметтің бір парасы ғана.

Кейін Үбіс бидің жомарттығын қайталауға ағайын-туыс, бай-бағландар тырыспыты. Алайда біреуінің мал-мүлігі, енді бірінің шыдамы жетпей, орта жолдан доғаруға мәжбүр болған. Бұл санатта әулиенің бел баласы Мәнжан да бар. Ол да әкесінің жолын қуып, шүлен тарқатуды бастап, кейін тоқтатылты дейді. Сол сәтте ел-жұрттың арасында: — Атаңның жолын жалғастырмай, тоқтатқаныңның мәні неде, — деп сұрағандардың қарасы көбейіпті. Сонда тектінің ұрпағы: — Мен әкемдей бола алмадым. Дайындаған асымды сол әкем



ұстаған қазанға ассам да, халыққа жеткізе алмадым, сондықтан қойдым, — деген екен. Алайда Құрбан айт пен ораза айттың, жыл басы Наурызды Үбіс ауылы үлкен мереке есебінде өткізген. Халықтың көңілін көтеріп, түрлі ойын-сауық, алтыбақан орнатып, ақын-жырауларды жырлатқан көрінеді.

Көнекөз қарттар Үбіс бидің қонақ жайлау әдісін де керемет тарқатады. Соның бірінде әулие үйіне келген қонағына Бұхар жидесін талқанға араластырып, майға былғап береді екен деген естелік айтылады. Бұл тегін жасалған әрекет емес. Егер кісі берген талқанды жеп қойса, «Ә, бұл кісі жол жүріп шаршап, ашығып келеді екен, бір мал сыбағасын беріп, сыйлап шығарып салыңдар» дейді де, ал талқанды мөңсінбей жемеген кісі болса: — Мұның қарны тоқ, көңілі жай екен, — деп бұйырған асты алдына қойғызатын болыпты. Әулиенің осы мінезін білетін қонақтар берген талқанды барынша тауысуға тырысады екен.

Үбіс би хақындағы аңыз-әңгімелер мұнымен бітпейді. Ол кісі көріпкел тілегі қабыл болатын әулие де екен. Ол ұрлық-зорлыққа жаны қас, адал кейіпте қолғау тырысыпты. Бір жолы нөмере іңсі Қуанның жас баласы шетінеді дегенді естіп, қасындағы бір топ ақсақалмен көңіл айтуға келеді. Үйде Қуан жоқ екен, алдынан келіні шығып иіліп сәлем береді. Келген қонақтарға мал сойып қонақасын бермек болған келініне: — Ешқандай қам жеме, шырағым, наннан ұлық еш нәрсе жоқ, жол жүріп барамыз, нан мен шай болады, — дейді. Шай ішіп болып, қонақтар аттанып бара жатқанда келіні мұңайған қалпында тағы қайталап сәлем сала беріпті. Мұны көрген Үбіс ойланып: — Япырай, жаңа келгенде де сәлем беріп еді, енді қайтардағы сәлемі несі, сіре менен дөметіп тұрған болар, — деп атының басын бұрып: — Келің, қолыңды жай, — депті. Келіні қолын жайғанда, Үбіс би бата беріп: — Қапа болма, шырағым, Алла жарылқап, қабыл қылса, келесі жылы маңдайы жарқыраған бір ұлды боласың. Айтқаным Құдайдың құлағына шалынсың, атын өзім қоямын, әуимің, — депті. Келіні ырза болып: — Айтқаныңыз келсің қайнаға, — деп қала беріпті. Айтса, айтқандай, Қуанның әйелі келесі жылы ұлды болып, Үбіс әулиеге хабар жіберіп: — Келінінің босанды, ұлды болдық, енді атын өзі келіп қойсың, — дейді. Арада бір апта уақыт өткенде Үбіс би інісінің ауылына жол тартыпты. Алдынан мен келіні қуанып шығып қарсы алады. Құндақтаулы жас баланы әкеліп, ағасының қолына береді. Сол сәтте Үбіс баланың бетін ашып көріп, таңырқап сәл кідіріп тұрып қалыпты. Содан: — Япырай, мәнін айтқаным бұл емес еді ғой, өзгеріп кеткен бе, түрі қара екен, ендеше аты Қара болсын» дейді. Сондағы әулиенің батасы қабыл болып, дүниеге келген бала

А.БЕК,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру керек

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халыққа құқығын түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстан азаматтарының азаматтық боршысы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімді күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше жас бұынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып, жете түсінуіне және орындауына көмектесудің

алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келесіз құбылыстың үдел бар жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатынын бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілген болсақ, сыбайлас жемқор-лық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни осы келесіз құбылыспен күресу барша халықтың ал-дында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағы-сымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда бол-ған жерлерге тамырын жайып бүгінге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біз-дің жас мемлекетімізге де орасан нұқ-



сан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын төжейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұрттың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заңталабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан көз келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп

төндіріп, орасан көсел келтіретін осынау келесіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатан қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, өтек жасай, өтене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – басты міндетіміз.

Р.БАЙҒАЗИЕВ,
Жалағаш ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы

Елдің болашағы – заң мен әділдікте

Жаза – қылмыс істелді деп танылған азаматтарға қылмыстық заңнамаға сәйкес көрсетілетін, әр елде бөлек түрде жүретін мәжбүрлеу шарасы. Әрбір қылмыстың соңы жаза екені анық. Бірінде жеңіл, бірінде ауыр жаза тағайындалады. Ал жәбірленуші мен қылмыскер арасында әділдікті орнатушы – сот үкімі.



Еліміз тәуелсіздігін жариялаған жылы «Қазақстан Рес-публикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Консти-туциялық заң қабылданғаны баршамызға белгілі. Заң бойынша мемлекеттік билік заңнамалық деңгейде: заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлінді. Сол жылдардан бері сот жүйесінің Ел тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды заңдарды қабылдау да, заңдарды шығару да кеңінен жүргізілді. Сот жүйесінің түбегейлі қағидаттарының негізгі кепілдіктері Конституцияда қаланды және тағайындалатын жазалар да соған негізделеді. Сот жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы соттың іргетасы қаланды. Осының негізінде Қазақстан республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Халық арасында әділдік орнатып жүрген Қызылорда облыстық сотына биыл 85 жыл толып отыр.

1938 жылы 15 қаңтардағы арнайы қаулы бойынша облыс құрылды. Ал дәл сол жылы 4 наурызда облыстық сот құрылды. Демек облыстық соттың жаңа тарихи кезеңі жоғарыда айтқанымыздай, Қызылорданың облыс ретінде құрылуымен тығыз байланысты. Осынау гасырға жуық тарихта Қызылорда облыстық соттары еліміздің тұрақты дамуына зор үлесін қосты. Сондай-ақ қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын жанжалдар мен дауларды әділ шешу бағытында нөбір күрделі, тағдырлы істерге төрелік етті. Сол кезден бастап қабылданған заңдар, қаулылар, шешімдер кезең-кезеңімен жетіліп, өзгеріске еніп, жаңарып келеді.

Міржақып Дулатов айтпақшы, халықтың жайың, салтың, рәсімің, тілін білмейтін сот – сот емес, сор. Сот үкімі тек жаза тағайындап, үкім шығару емес, азаматтарды қылмыстан тыйып, қайта ортаға қосу немесе алдағы уақытта қайта қылмыс істемеуге ескерту жасау болып табылады.

85 жылдық тарихы бар Қызылорда облыстық соттары жаңа технологияларды қолданудың арқасында сот қызметі ашық, жедел әрі қолжетімді бола түсті. Сот мәжілісі залдары түгелдей аудио және бейнежазба құрылғыларымен жабдықталып, сот отырыстары түгелдей дыбыс-бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы өткізілуге көшті. Жаңа технологиялар азаматтардың сотқа келуін міндеттендіріп, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңесінен шықпай-ақ жолдауын қолжетімді етті. Сондай-ақ электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі енгізіліп, сот ісін жүргізуде заманауи бағдарламалық өнімдер пайдаланылып келеді. Ақпараттық технологиялар арқылы халыққа көптеген ақпараттық қызмет көрсетіледі. Ең алдымен азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін, сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігі және ашықтығын одан әрі арттыру үшін осы секілді халыққа қолжетімді жағдайлар ұйымдастырылып келеді.

Халық арасында әділдікті орнату үшін тек ол нәрселер болуы жеткіліксіз. Сот залына кірген әрбір судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынуы тиіс. Себебі бізге көмек сұрап келетін халық «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан біз осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру басты міндетіміз һәм парызымыз десек те артық айтқанымыз емес.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді» деген болатын. Қазіргі таңда Қызылорда облыстық сотында сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуде осы алқабилер институты енгізілген болатын. Сондай-ақ тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітіліп, экономикалық, әкімшілік, әскери, көмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құрылып, қызмет атқарауда.

Жоғарыда айтылғандай, сот жүйесіне жаңа технологиялар енгізіліп, сервистер де жаңартылды. Сот жүктемесі азайтылып, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі де енгізілді. Осы секілді батыл қадамдар мен сан салалы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тын серпін бергені көрініп-ақ тұр. Осындай жаңашаландыру жұмыстарының көрінісі облыстық сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп келе жатыр.

Болат ИСАҒАБЫЛОВ,
аудандық соттың бас маманы,
Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі

Жыл да өтті-ау өзіңсіз

Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сіре. Отбасының тірегі, асқар тау өкеміз Ғазиз Ержановтың ортамызда жүргені көше ғана сияқты еді. Бүгінде сол асқар тауымыздың ша-ғылғанынан бері де жыл өтті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шір-кінде не амал бар дейсіз. Бірақ оның жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Ержанов Ғазиз Төлеубайұлы 1937 жылы 25 қаңтарда Қостанай облысының Аманкелді аудан-ында дүниеге келген. Алғаш еңбек жолын Сыр бойында бастап, кейін түрлі салада басшылық қызметте абыройлы еңбек еткен. Асқар тау өкеміз ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосты. Осы жолдағы қажырлы еңбегін ескерген аудан жұрты оған Жалағаш ауданының Құрметті азаматы деген атақ берді.

Оның елеулі еңбегі ескерусіз қалмады, мұнан бөлек қаншама алғыс хаттармен, төсбелгілермен, медалдармен марапатталды.

Иә, 2022 жылдың 19 қазаны Ержановтар әулеті үшін ауыр күн болды. Дәл осы күні отбасымыздың тірегі бақилық болды. Бұл сынаққа сол күннен бері сабыр қылып көлеміз. Қолымыздан келетін, тек өкіміздің рухына құран бағыштап, саяғымызбен еске аламыз. Жаңға бағатыны да сол балаларына бағдаршам болған өкеміз жайында енді тек өткен шақпен естеліктер айтамыз.

Бөлек еді әке, тұғыр, тұлға да. Дұғамызды қабыл қылып, ізіп Алла. Бақи болдың, өшпес бірақ есімің. Ұрпағыңмен мың жасайсың біз барда.

2023 жылы 19 қазанда сағат 13.00-де Жалағаш кенті Бұқарбай батыр көшесіндегі «Қырмызы» кафеcінде Ержанов Ғазиз Төлеубайұлының жылдық асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекеат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар жұбайы, балалары

Құрмет

Еңбек еленген күн



Табиғат – адамзаттың шексіз байлығы, ал оны көздің қарашығындай қорғау – ортақ парыз. Рас, бұл жұмыстарды жүзеге асыратын арнайы мекеме де бар, ал біздің міндет – табиғат аясында, қарапайым өмірде сол мекеменен бекітілген ережені қаперден шығармау. Жалағаш ауданының да өзіндік орман қоры жетерлік. Оны көздің қарашығындай қорғауда Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме қырағылықпен еңбек етіп келеді. Күні кеше «Орман шаруашылығы қызметкерлері күні» мерекесіне орай аудан әкімі Ардақ Ибраимов орман шаруашылығы саласы ардагерлері мен қызметкерлерін қабылдап, құрмет көрсетті.

– Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз Орман шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. 1977 жылдың 18 қыркүйегінде Кеңес одағында орман шаруашылығы мәселелерін реттейтін «Орман заңнамасы» қабылданды. Сол күннен бастап орман қызметкерлері күнін ресми түрде атап өтуге шешім қабылданды. Содан бері орман саласы қызметкерлерінің күні жыл сайын қазанның үшінші жексенбісінде атап өтіледі. Орман – еліміздің баға жетпес байлығы, халықтың дәулеті, төндесі жоқ экономикалық және экологиялық қоры. Қазақстанның шөлді аймағында орналасқан Қызылорда облысы үшін орман шаруашылығының өз орны бар. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дейді даналарымыз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес орман қоры жерлерін күзету, қорғау және өсімін молайту жұмыстарын сапалы жүргізу, орман және дала өртерін алдын алу мақсатында тиісті шаралар атқарылып келеді. Бұл бағытта табиғатты қорғау мекемелері мемлекет тарапынан қажетті техникалар, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде, – деді аудан әкімі.

Айта кетейік, биыл облыс қазынасынан қаралған 95 млн теңгеге ауданның орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесіне 1 Урал өрт сөндіру автокөлігі, 1 трактор тіркемесімен және 10 арнайы қызметтік мотоцикл табысталды. Сала қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсарту мақсатында Үкімет тиісті қаулы қабылдап, шілдеден бастап Қазақстанның табиғатты қорғау мекемелері қызметкерлерінің жалақысына 100 пайыз үстемақы қосылды. Алдағы уақытта да салаға мемлекет тарапынан қолдау толастамасы анық.

Жиында Ардақ Әбдіғалпаұлы бірқатар сала қызметкерлерін облыс және аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапаттады. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық, кәсіптік одағының ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісі мен «Құрмет» грамотасын табыстады.

– Ауданда 769,5 мың гектар орман қорын күтіп ұстауға 68 жұмысшы қызмет етуде. Олардың тынымсыз еңбегінің арқасында ауданның орманмен қамтылған жерлердің аумағы биыл 255 мың гектарға артты. Сіздердің жұмысқа деген ынталарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін және алдағы уақытта да орман шаруашылығын дамытуға барлық күш-жігерін жұмсайды деген сенімдемің, – деді аудан әкімі.

Аудандағы аталған мекеме орман орналастыру жобаларына сәйкес жыл басынан бері бірқатар жұмыс атқарды. Мекеменің негізгі мақсаты – мемлекеттік орман қоры шекарасында орман қорын күзету және қорғау, ормандарды молайту, орман өсіру, орман пайдалануды реттеу және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту жөнінде шараларды жүзеге асыру.

Мемлекеттік мекеменің орман қорының аумағы 769482 гектарды құрайды. Оны қорғауға 68 адам жұмыс атқарады. Мекеме қызметкерлерінің 21-і жоғары, 20-сы арнаулы орта, 15-і орта оқу орындарын бітірген. Мекеменің материалдық-техникалық базасында 1 Нива, 2 Уаз автокөлігі, 5 трактор, 2 өрт сөндіру автомашинасы, 1 жылжымалы тұрғын вагон, 2 мінсіз ат және басқа да ағаш егу, өрт сөндіру, жер жырту сынды түрлі жұмыстарға арналған техникалар, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Мекеме ұжымы тұқым бақтарының көлемін ұлғайту мақсатында былтыр күз айында 20 гектар жерге 1200 келі сексеуіл тұқымын септі. Ал биыл көктем айларында мекеменің уақытша тұқымбағынан 2 млн 100 мың сексеуіл көшеті қазылып, Арал ұлтанына егу үшін Қазалы, Арал аудандарына және 600 мың дана қара сексеуіл көшеті Қызылорда қаласының маңына орман екпелерін құру үшін егілді. Көктем айларында уақытша тұқымбаққа 0,5 гектар, мектеп бөлімшесіне 20 мың сыр талы, терек қаламшалармен және 0,5 гектар сеппе бөліміне қарағаш, тұқымы себілді.

Айта кетейік, жыл басынан бері 34 адамға орман билеті берілген. Оның ішінде 33 адамға мал жайылымдыққа 163,6 гектар жер берілсе, 1 адамға шөп шабу үшін 79 гектар жер пайдалануға берілген. Есепті кезеңде бюджетке орманды жанама пайдаланудан 165,4 мың теңге қаржы түскен.

Аудан көлеміндегі орман-тоғайларда және шаруашылықтардың ор-

манды алқаптарында өрт қаупі бар кезеңдерде өрттің алдын алу, оны дер кезінде анықтау жұмыстарына байланысты аудан әкімімен іс-шара бекітілді. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен аудан көлемінде орман дала өртерін болдырмау мақсатында іс-қимыл жоспары да дайындалып бекітілген. Орман қоры жерлеріне орман өртіне қарсы 660 шақырым былтырғы жолақтарға күтім жасау жұмыстары жүріп, жанадан 150 шақырым минералды жолақтарды жүргізу жұмыстары орындалды. Жыл басынан бері орман қоры жерлерінде 7 өрт оқиғасы тіркелген.

Жиында аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеуәлиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев те сала ардагерлері мен қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Мәселе



Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде теріс діни ағымның идеологиясымен санасы уланған кейбір бауырларымыздың «домбыра харам» деген сөздері желдей есіп, қызу талқыға түсіп, қоғам арасында дүрбелең туғызуда. Қазіргі кезде өздерін «салафиміз» деп жүрген, алайда уахабистік көзқарасты ұстанып жүргендердің басым бөлігін ұстанымы дінге қайшы. Қазіргі салафилердің бар мақсаты – қоғамда талас-тартыс тудырып, мұсылмандарды жанжалдастыру. Олар өткен дәуірде орын алған жағдайларды қайта көтеру арқылы бүгінгі күннің күрделі мәселесіне айналады. Осының негізінде өздеріне сай келмейтін көзқарастар туралы пікір білдіріп, қарсы шығады. Кім өзінің идеологиясын күл алса, олармен достасып, кім мойындамаса, оны қарсылас көріп, жауласады.

Домбырасыз қазақ, қазақсыз домбыра жетім

Қазақ рухани мәдениеті жағынан әлемдегі ең бай халықтың бірі деп айтуға толық хақымыз бар. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы ислам дінінің құндылықтарын өмірмен біте қайнастыра ұстанып, бір үйдің баласындай ауызбіршілікпен өмір сүріп келді. Діни алауыздылық деген ұғым қазақ даласында күні кешеге дейін болып көрген емес. Бүкіл қазақ ұлт болып ұйысып, бір дін, бір мазабты ұстанып келді. Намаз оқыса да, құран оқып, бет сипаса да, тәсіп тартып, дұға етсе де ешкім бір-біріне «мынауың бидағат, анауың ширк, сен адасқансың» деп көсемсігендер болған жоқ.

Бұл күндері жат ағымның жетегінде кеткен кейбір жастарымыз құдды бір дінді өздері ғана тап бүгін әкелгендей айды аспаннан шығарып, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетімізді, ұлттық өнерімізді (ән, күй, би, музыкалық аспаптар), салт-дәстүрімізді мансұқтап, қол сұға бастады. Сараптай келгенде, бұндай бұра тартудың барлығы надандықтан, өзімшілдіктен «құрт айта» болды, көп айта көнді, өдеті надан адамның» деп Абай атымыз айтқандай, көрсекызар желек-

пеліктен шығып жатыр.

Қазіргі таңда әлеуметтік желіде байқап жүргеніміздей, халық арасындағы бірлік пен татулыққа сызат түсіп, діни сенім туралы қате түсініктер жік-жікке бөлініп, ел ішінде экстремизм мен радикализм көріністері орын алып, кейбір азаматтарымыздың бірін-бірі тілдеп, діни наным сенімін қорлап, тіпті ар-намысына тиетін сөздер жазып жататынын да жиі көріп жүрміз. Бұл да өз кезегінде жауапкершілікті талап ететінін естен шығарып, эмоцияға беріліп, кейде тын артық кетіп жататынымызды да ескерме бермейміз.

Жалпы өмірде қандай жағдайға тап болсақ та ең алдымен әуелі біз Конституцияға бағынамыз және орын алған өртүрлі жағдайларға тап болғанда заңға сүйенеміз. Соның ішінде дін тақырыбы өте нәзік әрі күрделі мәселе болып табылады. Радикалды діни идеологиялардың таралуы біздің мемлекетімізге, тәуелсіздігімізге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдағы тұрақтылыққа қауіп төндірді.

Біріншіден, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет

ретінде Қазақстанда мемлекеттік шешімдер қандай да бір діннің немесе оның жекелеген ізбасарларының мүдделерін негізге алмай, бүкіл қоғамның мүдделерінің негізінде ғана қалыптасады. Екіншіден, Қазақстан әрбір азаматтың ар-ожданының құндылығын мойындайды және еркіндігін қамтамасыз етеді. Үшіншіден, ел азаматтары өзінің дінге деген көзқарастары өз бетінше және мәжбүрлесіз анықтауға не өзін қандай да бір дінмен мүлдем байланыстырмауға және діни институттарға жүгінбей өмір сүруге құқылы.

Жұмыр жер жаратылғалы әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзын сонар тарихы болады. Дүбірлі оқиғаларға толы тарихқа көз салсақ, адамзат қауымының бағыты мен бағдарына жол сызған, күллі әлемді өзгеріске түсірген нәрсе адамзаттың таным, білімге үйірсе болған өркеніетке ұмтылысы еді. Соның ішінде өнер – эстетикалық тәрбие берудің басты құралы. Себебі өнер адамның рухани дамуы мен дүниетанымының қалыптасуына әсер етеді. Адамның ішкі жан дүниесіне сұлулық

сыйлап, санасына сәуле құяды.

Қазақ даласына ислам діні келгенге дейін де ата-бабаларымыз, яғни көнедегі түркілердің діни дүниетанымы монотеистік (бірқұдайлық) бағытта болды. Ислам дінінің келуімен қазақ жерінде Аллаға құлшылық ететін мешіттермен қатар бала оқытатын медреселер салына бастады. Одан сауат ашқан шәкірттер арасынан кейіннен елге танымал болған атақты сопы, имам, ишан, ахун, сонымен қатар елге белгілі ақын, шайыр, жырау-термешілер де көптеп шықты. Олар Алланың сөзі құран мен пайғамбар хадистерің, шариғаттың амалдарын жырға қосып, халықтың жүрегіне көркем сөзбен жеткізе білді. Ел аузындағы аңыз бойынша әйгілі Шыңғыс ханға Жошының өлімін жеткізген де домбыра еді. Ал зерттеушілердің айтуынша, домбыра туралы алғашқы ғылыми деректер әл-Фарабидің жазбаларында «тамбур» деген атпен кездеседі.

Ұлы Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деген өлең жолдарын еске алсақ, қазақтың бүкіл өмір жолы өлеңге байланғанын аңғарарсың. Қазақ дүниеге бала келсе шілдехана жасап, қуанып өлеңмен қарсы алады. Тіпті өлеңде де өлеңмен жоқтау айтып, ақтық сапарға шығарып салады. Ақылға салып қарасақ, қасиетті құранды оқу үшін араб әліппесіндегі 29 әріпті танып, тажуді ережесін (икфә, идғам, иқлоб, т.б.) меңгеріп барып, қырағаттап оқығанда музыкадағы ноталар секілді әуенге айналып шыға келеді. Тіпті бүкіл әлемдегі мешіттерде күніне бес мезгіл айтылатын азанның өзі құлаққа жағымды, әсем, ырақты ұзақ әуенмен айтылады. Тағы да Абайға қайта оралсақ...

«Өннің де естісі бар, есөрі бар, тыңдаушының құлағын кесері бар» деген ұлы ақынның сөзін еске алсақ, кез келген музыка аспабының әрқелкі тартылуына, ондағы айтылатын өннің сөздеріне, мағынасына қарай, егер ол адамның нәпсісін қоздырып, жаман ойға берілуге, түрлі жаман істерге жетелесе ғана ондай өнге, музыкаға да дінімізде тыйым салынғанын ескеруіміз керек. Жақында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы домбыраға қатысты мәлімдеме жасады. Оған себеп әлеуметтік желіде «домбыра шерту, беташар жасау, келіннің сәлем салуы – харам» деген жазбалардың таралуы еді. Осыған байланысты азаматтар тарапынан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына сауалдар келіп түскен.

«Ислам әлеміндегі танымал ғұламалардың бірі де бірегей Имам әл-Фазали мен Әбу Ханифа мәзһабының көрнекті ғалымы Абдул-Ғани әл-Набулусидің көзқарасы бойынша дінді насихаттау, халықты отансүйгіштікке, имандылыққа, бірлік пен адамгершілікке шақыру мағынасында айтылған өнге рұқсат. Ал адамға жаман ой тастайтын, арақ пен әлдісіз іске үндейтін ән айтуға шариғатымыз тыйым салған» деп жазды діни басқарма.

А.БАЙҚАБЫЛОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Маман мерейі



Орманшы Сәбит

Табиғат, орман қоршаған орта, Жер-Ана адамның қалыпты өмір сүруі үшін басты мәнге ие. Табиғатты қорғап, жан-жануарлар дүниесіне қамқор болып, оларды дала өрттері мен басқа да апаттардан қорғау – орманшының басты міндеті. Сәбит Табынбайдың бұл міндеттерді бұлжытпай орындап жүргеніне 18 жыл болды.

Талабы таудай азамат еңбек жолын аудандық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінде бастады. 2005 жылы орман шебері болып қабылданып, 2017 жылы орманшылық басшысы қызметімен жалғастырып, 2020 жылдан бастап орманды қорғау, күзету жөніндегі инженері қызметін абыроймен атқарып келеді.

Кейіпкеріміз – еңбек жолында талай белестер мен өткелдерден өтіп, абыройға ие болған қарапайым азамат. Туған жерінің табиғатын, халқын сүйген ол – мамандығына шын берілген еңбек адамы. Еңбек жолында қажырлықпен талай қиындықты жеңіп, білмегенін үйреніп, өзінен кейінгі әріптестеріне үлгі болуда. Ол тынбай өткен еңбегі мен талпынысының арқасында талай жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Оның ел алдындағы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Бірнеше рет орман шаруашылығы қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында аудан, облыс әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталып, 2021 жылы ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісін кеудесіне тақты.

Орманшының қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Табиғатты аялау – әр адамның парызы. Бірақ кейбір жандар мұны түсінбей жатады. Олар орман ішіне таза ауамен демалуға келеді. Алайда өздерінен қалған қоқыстарын жинамайды. Тіпті кейбіреуі жаққан отын өшірмей кетеді. Осының салдарынан орманды қызыл жалын жиі бас салады. Ал тілсіз жаумен күресу өте қиын. Қазақта табиғат пен адам егіз деген ұғым бар. Табиғат жанашырлары орманды күзетуде уақытпен санаспай қызмет етеді. Олардың тынымсыз еңбегі туған жердің табиғатын зиян келтірушілерден қорғау, қоршаған ортаны гүлденуіне атсалысу болып табылады, – дейді Сәбит Табынбай.

Табиғатты аялап, оны ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау – баршамызға ортақ парыз. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген даналық сөзді жаздында сақтаған жастарымыз, орманның баға жетпес байлық екенін естен шығармауы керек. Кейіпкеріміздің де кеңесі осыған саяды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВЖалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясыБас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВТелефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1631

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ